

# АЗАТТЫҚҚА ҚАУЫШҚАН ҚАРАБАҚ: ҰЛЫ ЖЕҢІС МЕРЕЙТОЙЫ

**Муса МАРЖАНЛЫ,**  
Бас редактор

Журналдың осы саны Әзербайжанның Екінші қарабақ соғысын жеңіспен аяқтап, көршілес Арменияның оккупациясындағы өз жерлерін кері қайтарып, тұтастығын қалпына келтіріп Ұлы жеңістің жылдық мерейтойын салтанатты түрде тойлап жақан күндері дайындалған болатын. Әзербайжанға бұл жеңіс оңай келген жоқ. Мыңдаған боздақтар жанын пида етті, орасан зор материалдық және моралдық шығынға ұшырағанына қарамастан, ұзақ жылдардан бері жалғасып келе жатқан әскери дауды тоқтата білді. Ұлы жеңістің нәтижесінде Оңтүстік Кавказдың геосаяси келбеті едәуір өзгеріске ұшырады.

Сондықтан да, бұл санда Қарабақ тақырыбының басты назарда болуы заңды да. Осы ретте, Қазақстан Республикасы Парламент мәжілісінің Халықалық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы Айгүл Құспаннның «Жолжазбасын» ерекше атап өтуіміз керек. Қазақстан парламентшілерінің қыркүйек айында Шушуға жасаған іс-сапары негізінде жасалған бұл жолжазбада Қарабақ пен күллі Әзербайжанның мәдени орталығы Шуша қаласы, ондағы мәдени орталықтары, ескерткіштері һәм оккупациядан азат етілген қаладағы қалпына келтіру жұмыстары тарқатылып айтылған. Сонымен қатар аталған шығармада Қарабақ аймағын қалпына келтіру жұмыстары, Физули халықаралық әуежайының құрылысы туралы егжей-тегжейлі баяндалады.

Сондай-ақ, Әзербайжанның азат етілген аймақтарына іс-сапармен барған қазақстандық әріптестердің Әзербайжанның жеңісі, Шуша қаласы хақында қалам тартқан мақалалары жарық көрген.

Ресей саясаттанушысы Олег Кузнецовтың мақаласында Екінші Қарабақ соғысының алғышарттары, соғыс кезі мен нәтижелері туралы толыққанды сараптама жасалған. Аталған сараптамалық еңбегінде автор Никол Пашинян үкіметінің билікке келгеннен кейінгі және соғыс қарсаңында ұстанған ашық түрдегі деструктивті, тіпті қозыдырушы позициясына назар аудара отырып, жеңістің беделді халықаралық ұйымдар тарапынан «Арменияның барлық қарулы күштерінің оккупациялаған аймақтардан шығуын» талап етілген құжаттардың орындалуына даңғыл жол ашқанын атап өтеді.

Осы орайда, ресейлік журналистің мәтін һәм фото-суреттер арқылы баяндаған жолжазбаларында оккупанттардың Қарабақ аймағында шіркеулер мен зираттарды талқандап, аймақты жермен жексен еткен жауыздығын әшкерелейді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаевтың «Қазақстан мен Әзербайжанның байланыстарының нығаюында Нұрсұлтан Назарбаев пен Гейдар Әлиевтің рөлі» атты мақаласы оқырмандардың көңілінен шығатынына бек сенімдіміз.

Биыл Әзербайжанның ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Низами Гәнжәудің туғанына 880 жыл толып отыр. Осыған орай 2021 жыл Әзербайжанда «Низами жылы» ресми түрде аталып өтуде. Низамидің шығармашылық мұрасы мен оның Орталық Азия елдерінің әдебиетіне ықпалы Қазақ ғылым академиясына қарасты Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжехан Матыжановтың мақласында баяндалады.